

Х.Ерғалиев ауылының Жаңакөше көшесіне еңбек ардагері Қинаш Сахуалинның есімін беру туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай ауданы Қамысқала селолық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы N 85 шешімі. Атырау облысының Әділет департаменті Исатай ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 10 желтоқсанда N 4-4-116 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Қамысқала селолық округі әкімінің 2010 жылғы 27 қазандағы № 31 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Қамысқала селолық округі әкімінің 27.10.2010 № 31 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 " Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4-тармағына және Исатай аудандық ономастикалық комиссиясының 2007 жылғы 19 сәуірдегі шешімін басшылыққа ала отырып **ШЕШЕМІН:**

1. Х. Ерғалиев ауылының Жаңакөше көшесіне еңбек ардагері ауданның ауыл шаруашылығын өркендетуге қажырлы еңбегімен үлес қосқан Сахуалин Қинаштың есімін есте қалдыру мақсатында "Қинаш Сахуалин" атауы берілсін.

2. Қ.Сахуалин көшесіне үй нөмірлерін қағуды және шаруашылық кітапқа өзгеріс енгізуді Қамысқала селолық округі әкімі аппаратының бас маманы С. О м а ш е в қ а т а п с ы р а м ы н .

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізілсін.

Қамысқала селолық округінің әкімі *Б. Мусин*